БЕКІТЕМІН
Ақтоғай ауданының әкімі
А.Аманжолов
«30» қыркүйек 2026 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ақтоғай ауданы әкімі аппараты ММ
талдау объектісінің атауы

р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысымен Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы бекітілген. Мемлекеттік орган туралы үлгілік ереже бекітілген. Осы үлгілік ереженің негізінде Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 2 ақпандағы № 04/02 «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекітілді. Аталған қаулыға 06.04.2026, 12.07.2026, 14.07.2026 жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің	Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 2 ақпандағы № 04/02 «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесіне өзгерістер	Мемлекеттік құқықтық жұмыстар бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін

Scanned with CamScanner

	кейбір өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 14 шілдедегі № 615 қаулысымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 6 сәуірдегі № 225 қаулысымен өзгерістер енгізілген. Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 2 ақпандағы № 04/02 «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесіне жоғарыда көрсетілген өзгерістерді ескере отырып, Ережеге өзгерістер енгізу	енгізу		
2	Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 19 мамырдағы № 290-VIII ҚРЗ.76 - бабының 9-тармағына сай, мемлекеттік органдар болып саналатын аппараттардың басшылары, еңбек қатынастары мәселелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жоғары тұрған лауазымды адамдардың (органдардың) құзыретіне жатқызылған мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, аппараттардың мемлекеттік қызметшілерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдарға тағайындайды және лауазымдарынан босатады. Заң 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 2 ақпандағы № 04/02 «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесіне функцияларға ревизия және өзектендіру жүргізу,	Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 2 ақпандағы № 04/02 «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесіне өзгерістер енгізу	Мемлекеттік құқықтық жұмыстар бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін

Scanned with CamScanner

	оның ішінде мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының өкілеттіліктерін енгізу.			
3	Ақтоғай ауданы әкімдігіне қарасты дербес бөлімдер мен ауыл, кент, ауылдық әкімі аппараттарының штаттық құрылымына, лауазымдарды бөлудің нақты критерийлері мен пропорцияларын айқындау керек, бас инспекторлар мен бас мамандардың функционалдық міндеттерін жіктеу қажет. Функциялардың бөлінуіне талдау жүргізу, лауазымдық нұсқаулықтарға өзгерістер дайындау және бекіту.	лауазымдық нұсқаулықтарға бекіту және ақпараттық хат	Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі)	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін
4	Е-Қызмет» ақпараттық жүйесіндегі қолжетімділік құқықтарын тексеру арқылы Персоналды басқару қызметін орталықтандыру (кадр қызметі). «Е-Қызмет» ақпараттық жүйесінде «СУП басшысы» рөлін беруді лауазымдық міндеттері персоналды басқарумен тікелей байланысты бірыңғай кадр қызметінің қызметкерлеріне ғана шектеу Е-Қызмет» ақпараттық жүйесіндегі қолжетімділік құқықтарын тексеру. Растау материалдарымен бірге қызметтік хат жіберу.	қызметтік хат	Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі)	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін
5	Республиканың басқа өңірлерінің тәжірибесін зерттей отырып, қолданыстағы құрылымдарына талдау жүргізу және атқарушы органдардың құрылымын қалыптастыруға біркелкі тәсілдерді қамтамасыз ету.	қызметтік хат	Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі)	2027 жылдың бірінші жартыжылдығынан кешіктірмей

«Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және құрылысы бөлімі» ММ-сі

Scanned with CamScanner

талдау объектісінің атауы

р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	«Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына өзгерістер енгізу, көрсетілетін қызметті алушылардың өтініштерді тікелей көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесі (ИС ЕГКН) арқылы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінің қатысуынсыз жолдау мүмкіндігін көздеу «Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына өзгерістер енгізу туралы хат бастамасын жолдау.	Хат	Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және құрылысы бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін
2	жер учаскесіне құқықтар сатып алу қағидаларына өзгерістер енгізу туралы ұсыныс жолдау, тармақтардың бірі ретінде әкету схемасын көрсетілетін қызметті алушымен келісуді алып тастау Ауыл шаруашылығы министрлігіне Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына өзгерістер енгізу туралы ұсыныс жолдау, тармақтардың бірі ретінде әкету схемасын көрсетілетін қызметті алушымен келісуді алып тастау	Хат	Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және құрылысы бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін
3	жер учаскесіне құқықтар сатып алу мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына өзгерістер енгізу. Жер	Хат	Ақтоғай ауданының жер қатынастары,	2026 жылдың желтоқсан

Scanned with CamScanner

	учаскелерінің бос немесе бос еместігі тұрғысынан олардың деректер базасын өзектендіру бойынша жүйені әзірлеушіге хат жолдау Ауыл шаруашылығы министрлігіне Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына өзгерістер енгізу туралы ұсыныс жолдау		сәулет және құрылысы бөлімі	айының соңына дейін
4	жер учаскесіне құқықтар сатып алу мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары бойынша бастапқы материалды жер учаскесін беру туралы қаулы түрінде беру мүмкіндігімен жүйені пысықтау туралы ИС ЕГКН жүйесін әзірлеушіге ұсыныс жолдау ИС ЕГКН жүйесін әзірлеушіге ұсыныс жолдау	Хат	Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және құрылысы бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін
5	«Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті «ХҚКО» АЖ-ға қосу туралы Ауыл шаруашылығы министрлігіне хат жолдау. «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті «ХҚКО» АЖ-ға қосу туралы Ауыл шаруашылығы министрлігіне хат жолдау	Хат	Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және құрылысы бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін
6	«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін көрсетілетін қызметті алушы сұраған жер учаскесінің орналасу шегінде немесе шегінен тыс жерде саралауды ескере отырып сәйкес келтіру туралы «Е-лицензиялау» жүйесін әзірлеушіге ұсыныспен шығу «Е-лицензиялау» жүйесін әзірлеушіге ұсыныспен шығу	Хат	Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және құрылысы бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін

Scanned with CamScanner

7	«Құрылыс және реконструкциялау (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды беру» Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін объектілерді күрделі немесе күрделі емес деп саралауды ескере отырып сәйкес келтіру туралы «Е-лицензиялау» жүйесін әзірлеушіге ұсыныспен шығу «Е-лицензиялау» жүйесін әзірлеушіге ұсыныспен шығу	Хат	Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және құрылысы бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін
8	Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) бойынша жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру» бойынша Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық дамыту министрінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 202 бұйрығымен бекітілген Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) бойынша жұмыстар кешенін жүргізуге шешім беру қағидаларына техникалық және технологиялық жағынан күрделі емес объектілерді (бір қабатты шаруашылық құрылыстар, қоймалар, гараждар, уақытша ғимараттар, контейнерлік модульдер, күрделі инженерлік желілері жоқ жеке тұрғын үйлер) бұзу кезінде техникалық тексеру бойынша сараптамалық қорытындыны міндетті құжаттар тізбесінен алып тастауды көздейтін өзгерістер енгізу туралы ұсыныс жолдау	Хат	Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және құрылысы бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін
9	«Құрылыс және реконструкциялау (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау, бейінін өзгерту) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігіне Жер кодексінің 44-1-бабының 4-тармағына	Хат	Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және құрылысы бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін

Scanned with CamScanner

	жер учаскесін таңдау актісін дайындаумен бір мезгілде сәулет-жоспарлау тапсырмасын және сауалнама парағын дайындауды алып тастау бөлігінде өзгерістер енгізу мәселесін қарау туралы хат жолдау, оның ішінде: 1. Сәулет-жоспарлау тапсырмасын және техникалық шарттарды тек жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттар ресімделгеннен кейін алуды көздеу; 2. Жер кодексінің және Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларының ережелерін бірыңғай құқықтық сәйкестікке келтіру; 3. Табиғи монополиялар субъектілерінің — коммуналдық қызметтерді жеткізушілердің қолданыстағы қағидаларын ескере отырып, жер учаскесін беру, сәулет-жоспарлау тапсырмасын алу және техникалық шарттар беру кезеңдерін нормативтік жіктеу уәкілетті органға ұсыным хат жолдау қажет.			
10	игерілмеген жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою кезінде Ауыл шаруашылығы министрлігіне Жер кодексіне меншік иесінің немесе жер пайдаланушының ауысуы жер учаскесін игеру мерзімін үзбейтіні туралы норманы бекіту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарау туралы хат жолдау 1. Меншік құқығының немесе жер пайдалану құқығының ауысу санына қарамастан, жер учаскесінің игерілмеуінің жалпы мерзімін есепке алуды заңнамалық түрде белгілеу; 2. Бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілгеннен немесе мәжбүрлеп алып қою рәсімі басталғаннан кейін жер	Хат	Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және құрылысы бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін

Scanned with CamScanner

	учаскесімен тіркеу әрекеттеріне уақытша тыйым салу немесе шектеу енгізу мүмкіндігін көздеу; 3. Мәжбүрлеп алып қою туралы мәселені қарау кезеңіне жер учаскесін уақытша ауыртпалық салу механизмін көздеу, оның ішінде мемлекеттік ақпараттық жүйелерге тиісті мәліметтерді енгізу; 4. Мемлекеттік бақылау рәсімдерінен жалтаруға бағытталған жер учаскелерін жосықсыз қайта ресімдеу белгілерін заңнамалық тұрғыдан айқындау; 5. Жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою рәсімін айналып өту мақсатында ғана жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тану бөлігінде азаматтық және жер заңнамасына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарау			

«Ақтоғай ауданының құрылыс бөлімі» ММ-сі
талдау объектісінің атауы

р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	«Құрылыс және реконструкциялау (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды беру» бойынша Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесіне өзгерістер енгізу жолымен 3-пакет бойынша мемлекеттік қызметті қарау мерзімін 15 (он бес) жұмыс күнінен 7 (жеті) жұмыс	Хат	Ақтоғай ауданының құрылыс бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін

Scanned with CamScanner

	күніне дейін қысқарту туралы ұсыныс жолдау			

«Ақтоғай ауданының ауылшаруашылығы бөлімі» ММ-сі
талдау объектісінің атауы

р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Аудандық мәслихаттың 2026 жылғы 12 ақпандағы №386 шешімімен «Ақтоғай ауданы бойынша 2025 - 2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы » бекітілген. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 54-бабына сәйкес барлық уәкілетті органдар, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын құпияны қамтитындардан басқа, қабылданған нормативтік құқықтық актілермен танысу үшін мүдделі тұлғаларға оларды қолжетімді етуге міндетті. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 3-тармағына сәйкес дербес деректерді жалпыға бірдей қолжетімді көздерде таратуға субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімі болған кезде жол беріледі. Бұл ретте дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім субъектінің тегі, аты, әкесінің аты және	«Ақтоғай ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы» Ақтоғай аудандық мәслихатының 2026 жылғы 12 ақпандағы № 386 шешіміне өзгерту енгізу	«Ақтоғай ауданының ауылшаруашылығы бөлімі» ММ-сі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін

Scanned with CamScanner

	жеке сәйкестендіру нөмірін қамтиды («Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 4-тармағы). Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Конституциясының 21-бабының 1-тармағына сәйкес жеке өмірге қол сұғылмау құқығына, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі. Алайда, жоғарыда аталған нормаларды бұза отырып, жоғарыда аталған мәслихаттың шешімімен бекітілген Ақтоғай ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарының 3-қосымшасында субъектілердің рұқсатынсыз олардың дербес деректері (Т.А.Ә. және ЖСН) көрсетілген. Осылайша, 1-қосымшада барлығы 656 шаруа қожалығының және 29 жеке тұлғаның, 4-қосымша бойынша 580 шаруа қожалығының және 1877 жеке тұлғаның конституциялық құқықтары бұзылды. Заңның 50-бабы 2-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар өздері қабылдаған және (немесе) әзірлеушілері болған не өздерінің құзыретіне жататын нормативтік құқықтық актілердің мониторингін жүзеге асырады және оларға			

Scanned with CamScanner

	өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе олардың күші жойылды деп тану жөніндегі шараларды уақтылы қабылдайды. «Ақтоғай ауданы бойынша 2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы» Ақтоғай аудандық мәслихатының 2026 жылғы 12 ақпандағы № 386 шешімін – өзгертуге ұсыныс енгізу, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтіруді.			
2	Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі үлгілік жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 29 шілдедегі № 263 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 29 шілдеде № 34831 болып тіркелген) Жоспарға 1-қосымшаның 3-кестесіне сәйкес нысан бойынша Меншік иелерінің, жер пайдаланушылардың жеке сәйкестендіру нөмірі көрсету керектігі жазылған. Алайда, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 3-тармағына қайшы келеді. Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсыныс хат жолдау.	Хат	«Ақтоғай ауданының ауылшаруашылығы бөлімі» ММ-сі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін
3	«Басым дақылдар өндірісін, оның ішінде көпжылдық екпелерді субсидиялау Пестицидтерге субсидия алуға өтінім нысанынан тиісті вкладканы (бөлімді)	Хат	«Ақтоғай ауданының ауылшаруашылығы бөлімі» ММ-сі	2026 жылдың желтоқсан айының

Scanned with CamScanner

	алып тастау жолымен тиісті өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен жүйені әзірлеушіге хат жолдау, өйткені өтінімнің қолданыстағы нысаны мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге қайшы келеді ұсынам хат енгізу.			соңына дейін

«Ақтоғай ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-сі

талдау объектісінің атауы

р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	«2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік разрядты спортшы спорттық разрядтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру» мемлекеттік	Хат	«Ақтоғай ауданының ауылшаруашылығы бөлімі» ММ-сі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін

Scanned with CamScanner

	көрсетілетін қызметін көрсету кезінде тыңдау өткізу механизмін енгізу; көрсетілетін қызметті алушыларды байланыс деректерін (телефон нөмірі мен тұрғылықты мекенжайы) ұсынуға міндеттеу, сондай-ақ ХҚКО мамандарының өтініштерді қарау және өңдеу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету құзырлы органдарға ұсыным жолдау.			

«Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-сі

талдау объектісінің атауы

р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №117 бұйрығымен бекітілген Тұрғын үй көмегін беру қағидаларының 30 тармағындағы «атаулы әлеуметтік көмек» деген сөздерді «тұрғын үй көмегін» деген сөздермен ауыстыру туралы (орыс тіліндегі мәтін өзгермейді) өзгерістер енгізу туралы ұсыныс хат жолдау.	Хат	Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін
2	Қазақстан Республикасының Тұрғын үй беру қағидаларын бекіту туралы 2023 жылдың 8 желтоқсан айындағы №117 бұйрығына өтініш берушілердің отбасылық материалдық жағдайын зерттеп, зерделеу жұмыстары заңдылыққа енгізу туралы ұсыныс хат жолдау.	Хат	Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін

Scanned with CamScanner

3	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 230 бұйрығымен бекітілген Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларының 11-тармағының қазақ тіліндегі нұсқасын 4-тармақшамен «қойма бөлмесі» сөзімен толықтыру туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс хат жолдау.	Хат	Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін
4	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 382 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларында» қамқоршы және қорғаншы тағайындауды рәсімдеуде қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін бекітіп, қорғаншы немесе қамқоршы тағайындау туралы өтініште «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 122-бабының 1-бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13) тармақтарында көрсетілген шектеулер бойынша мәліметтер болуды енгізу туралы ұсыныс хат жолдау.	Хат	Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін
5	«Еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау	Хат	Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту	2026 жылдың желтоқсан айының соңына

Scanned with CamScanner

	министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 123 бұйрығының 4-тарауының 36-тармағына толықтырулар (жеке тұлғалардың үй шаруашылығында үй жұмыскерлері ретінде жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) байланысты емес еңбек қызметін жүзеге асырғандығын анықтау бойынша жұмыс тобын құру, рейд жүргізу, хаттамалау, актілеу, ұсыныс енгізу, ескертпе беру және т.б. шараларды атқару алгоритмін енгізу) енгізіп, аталған тарауға нақты алгоритм енгізу ұсынылады.		және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	дейін
6	Полигон куәлігін беру «Бір терезе» тәсілмен мемлекеттік қызмет көрсетіліуі бойынша ұсыныс хат жолдау.	Хат	Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін
7	Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 658-бабының 5-тармағындағы жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем еңбекші көшіп келушіге рұқсатты алуға (ұзартуға) еңбек заңнамасына сәйкес жасалған еңбек шарттары бойынша алынған (алуға жататын) кірістер бойынша жеке табыс салығы бойынша алдын ала төлем төлеуді «резидент»-«бейрезидент» бойынша бірыңғай төлемді енгізу, не болмаса «ИРС» ААЖ- не ортақ келген күндері көрінсе. Бұл өз кезегінде бөлім қызметкерлерінің алдын ала сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдерін жояды.	Хат	Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін

Scanned with CamScanner

«Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ-сі
талдау объектісінің атауы

р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Мемлекеттік органдар басшыларының және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға жауапты мамандардың қатысуымен кеңес өткізу. Жұмыс көлемін іс жүзінде арттырмай мемлекеттік сатып алу шарттарына қосымша келісімдер жасасумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша шаралар қабылдау, жұмыс көлемі мен түрлерін тиімді және уақтылы жоспарлауды, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтер мен жұмыстардың техникалық ерекшеліктерін сапалы әзірлеуді қамтамасыз ету Мемлекеттік органдар басшыларының және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға жауапты мамандардың қатысуымен кеңес өткізу.	Хаттама, Растау материалдарымен бірге ақпараттық хат жолдау	«Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ-сі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін

«Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ-сі
талдау объектісінің атауы

р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі

Scanned with CamScanner

1	Ғибадат үйлерінен (жайларынан) тыс жерде діни іс-шаралар өткізуге арналған жайлар мәселелерін реттеудегі құқықтық олқылықтар Денсаулық сақтау министрлігіне Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ДСМ-220/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы хат жолдау, оған ғибадат ғимараттарынан тыс діни іс-шаралар өткізуге арналған жайлардың санитариялық-эпидемиологиялық нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін айқындау мәселесін қосу ұсыным жолдау	Хаттама, Растау материалдарымен бірге ақпараттық хат жолдау	«Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ-сі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін

«Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-сі

талдау объектісінің атауы

р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес, кәсіпорынға жоспарлы ақылы қызмет орындау міндеттелген. Қазіргі таңда жоспарлы ақылы қызметті орындау түрлері тек Мәдениет туралы заңның 27-бабының 3 тармағындағы қызметтермен ғана жүргізіліп келеді. Кәсіпорындардың ақылы қызметтен түсетін табысының негізгі көзі болып табылатын (көрермендер залын, бөлмелерді және музыкалық аппаратураларды, концерттік костюмдерді	Хат	«Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-сі	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін

Scanned with CamScanner

	жалға беру, ақылы концерттер мен би кештері, бейнетаспаға түсіру, жазу студиясы, сценарилер дайындау т.б) қызмет түрлеріне рұқсат етілмеген. Қазіргі таңда клуб кәсіпорындарының жоспарлы ақылы қызмет табу жолы жоғарыда көрсетілген қызмет түрлерімен ғана орындалып отыруына байланысты, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін. Сондықтан жоғарыда аталған қызмет түрлерін Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы» Заңының 27 бабының 3 тармағына кірістіру ұсынылады. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы» Заңының 27 бабының 3 тармағына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс жолдау.			

«Ақтоғай ауданының тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-сі

талдау объектісінің атауы

р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 12 тамыздағы № 437 бұйрығы «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру» Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қағидаларда көзделген тұрғынжайды жалдау шарты	Хат	«Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар	2026 жылдың желтоқсан айының соңына дейін

Scanned with CamScanner